

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ МҰРАСЫ

Қарабай Мөлдір Манатқызы

mq.moldir01@gmail.comЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Сәулет құрылыс факультеті студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Ж.К. Есимова

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы –құнды дүние. Елбасымыз жаңа мақаласында төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе, тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп көтеріп отыр. Елбасының бұл мақаласы- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы мен ұлттық бірлік нышаны ретінде қоғамдық өмірде ерекше маңызға ие киелі орындар бар. Олар – халық арасында ерекше құрметке ие мәдени мұра ескерткіштері. Атап айтсақ, зайырлы және діни сәулет өнері нысандары, табиғи ландшафт ескерткіштері, сонымен қатар, маңызды тарихи оқиғалармен тығыз байланысқан тарихи құндылыққа айналған нысандар бар. Барлығын тізіп шығу мүмкін емес шығар, сірә. Себебі, елімізде тұратын әр ұлыс үшін, тіпті, әр адам үшін аса құнды, ерекше ілтипатпенен қабылданатын нысандар мен орындар.

Әулиетау (Ақмешіт) - Ұлытаудың ең биік шыңы. «Ұлытау» дегеннің өзі «Ұлы», «Биік» деген мағынаны білдіреді. Алайда, бұл таулардың өзі, ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, іс жүзінде соншалықты биік емес. Сондықтан «Ұлытау» атауы киелі, қасиетті деген мағынада. Қазақ мемлекеттілігі үшін бұл өлке шынымен де үлкен маңызға ие. Халықтың ауыз әдебиетінде Ұлытау Сарыарқаның ең биік нүктесі, арқаның нағыз кіндігі дәл осы жерде деген аңыздар жетіп артылады. Кейбір аңыздарға сүйенсек, Әулиетау шыңы аспанға тіреледі. Оның шоқтығы Жер мен Көк түйісетін орын. Ежелден осы тау киелі жер, Құдай мен аруақтардың мекені саналатын. Бұл тауды перілер жақсы көреді деседі. Сондықтан болар, осы аймақ Жаратушыға тағзым ету өлкесі, Табиғат ана адам баласын алақанына салып, аялайтын, мәпелейтін жері деген ұғым қалыптасқан.



Сурет 1.

Ақмешіт үңгірі туралы аңыз-әңгімелер өте көп. Солардың бірі – **Есіркеп Қойгелді** батырға қатысты айтылған аңыз. Батыр қалмаққа қарсы жорыққа шығарда кенеттен нөсер жауып кетеді. Он мыңнан астам сарбаз пана іздеп, осы үңгірге түседі де, таңғы намазға жығылыпты. Атауы жоқ үңгірді жауынгерлердің бірі батырдың есімімен атауға ұсыныс тастайды. Алайда Есіркеп Қойгелді батыр бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсылық танытады. "Бұл Қаратаудың қасиеті дарыған таудың етегі. Бізді және астымыздағы аттарымызды жаңбырдан қорғап қалды. Сәждеге жығылып, намаз оқуымызға мүмкіндік берді. Үңгір ішіндегі тастары да ақ ұлпадай әппақ, керемет әсер қалдырады. Мұның қасиеттілігі сол шығар, сондықтан оны "Ақмешіт" деп атайық" депті. Міне, содан бері қасиетті орын ұрпақтан-ұрпаққа Ақмешіт деп аталып кетіпті.

Едіге шыңы. Бетпақдала арқылы Жезқазғанға сапар шеккен жолаушылар көне замандарда тасына жазу түскен Таңбалы тастан өтіп, Ұлытауға жетеді. Айналасы теп-тегіс жер. Ұлытаудың ең биік жерін халық **Едіге тауы** деп атайды. Едіге тауы Ұлытау ауданынан

батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр.



Сурет 2.

Едіге шыңы Ұлытау ауылынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. Оның төбесінде Алтын Орданың атақты билеушісі Тоқтамыс хан жерленген. Сонымен қатар Едіге шыңында орта ғасырларда аса зор беделге ие болып, әділ, әрі шешен би Едігенің моласы да бар. Сондықтан да тауды Едіге шыңы деп атап кеткен халық. Ғасырлар бойы Ұлы даланың тарихында, халқымыздың тағдырында шешуші роль атқарған аса маңызды тарихи оқиғалар осы Ұлытауда болған. Осы өңірде ақ киізге отырғызып, хандарды сайлады. Хан ордасының өзі осы Ұлытауда тігілген. Аңыз бойынша Асан Қайғы бабамыз да Жерұйығын дәл осы Ұлытауда тапқан деседі. Алтын Орданы билеп, жаһанды дүрліктірген Тоқтамыс хан мен оның замандасы Едіге бидің жандары осы жерде тыныштық тапты.

Алтын шоқы – Қарағанды облысындағы Ұлытаудағы таулардың бірі. Бұл тауды әйгілі Ақсақ Темірдің (1336-1405) есімімен байланыстырады. Аңыз бойынша, Алтын Орда ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа шыққан Ақсақ Темір осы Ұлытауға дейін келіп, Алтын шоқы шыңында тастан қашалған үлкен ескерткіш орнатуды тапсырыпты. Кейбір деректерге сүйенсек, 1391-ші жылдың тамыз айында Ақсақ Темір 200 мың сарбазы бар әскерімен Сарыарқаның қақ ортасына дейін, Ұлытауға жеткен. Мәуереннахр әмірі Тоқтамыс ханға қарсы жорыққа шығып, Бетпақдала шөлінен өткен. Сол шөл даладан кейін арқа төсіне жетіп, Жошы ханға тиесілі ұлыстың табиғатына тәнті болған Ақсақ Темір, самал жел соққан, жанға да, малға да жайлы өлкеде бірнеше күн тынығып алуды жөн көреді. Ұлытаудың жайлығына тәнті болған билеуші бір төбенің басына тастан қашап, ескерткіш орнатуды тапсырады. Сол тасқа арнайы жазу қалдыртыпты. Осы тарихи жәдігердің табылуына бірсыпыра уақыт болса да, әлі күнге дейін сол материалдың құрылымы белгілі болған жоқ. Кейбір деректер бойынша, жазу метеорит тасына қашалған көрінеді. Жәдігердің өзі Санкт-Петербургдың мұражайында сақталған. Бұған дейін тас плитасы үлкен үңгірді жауып тұрған, ал, сол үңгірде кірпіш күйдіретін пеш орнатылған екен. Қазір Алтын шоқы төбесінде сол тастың толық нұсқадағы көшірмесі орнатылған. Оған да Ақсақ Темір қалдырған жазба қашалып жазылған.



Сурет 3.

Қарағанды қаласынан 445 шақырым жерде **Теректі** ескерткіші бар. Жезқазған қаласы жағынан барсаңыз, шамамен 90 шақырым жүру керек. Теректі әулие – тарихи-археологиялық кешен. Ол тасқа қашалған суреттер «петроглифтер» галереясынан тұрады. Бұл суреттер неолит дәуіріне жатады. Бірақ, бұл жердің тарихи-мәдени құндылығы тек суреттерде ғана

емес. Бұл жерді ежелгі адамдар мекен еткенін дәлелдейтін жәдігерлер жеткілікті. Неолит дәуіріне жататын тұрақтардан бөлек, қола дәуіріне жатанын қорымдар да баршылық. Ерте темір дәуіріне жататын қорғандар, тік және көлденең шахталардың қалдықтары да бар. Яғни, бұл өңірде кен және түрлі минералдар өндірілгенін дәлелдейтін тарихи айғақтар шоғырланған.



Сурет 4.

Сол айғақтардың бірегейі – ол, әрине, тасқа қашалған суреттер, «петроглифтер». Тастарда екі өркешті түйелер, бұқалар, ешкілер, бұғы, жылан және жыртқыш аңдардың суреттері бейнеленген. Бірақ, көбінесе мұнда жылқы суреттелген. Демек, ерте заманда жылқы, қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін тағы бір айғақтаса керек. Сонымен қатар, екі ат жегілген арбалардың суреттері де бар.

Домбауыл кесенесі, көптеген ғалымдардың ортақ пікірінше, Орталық Қазақстандағы ең көне сәулет ескерткіштерінің бірі. Сонымен де ерекшеленеді. Бірқатар деректерге сүйенсек, бұл кесене, тіпті, ғұндар заманында тұрғызылған. Сонау ерте заманда ғибадатхана ретінде пайдаланылған көрінеді. Кесене Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ғимараты биіктігі бес метрден асатын шошақ пішінді төртбұрышты негізге қойылған, тас плиталарынан құрылған. Астыңғы қабаты шаршы пішіндес, үстіне киіз үй тәріздес күмбез салынған. Есігі сопақшалау етіліп, оңтүстік-шығыс жақтан шығарылған. Бұған жалпы биіктігі 1,2 метр болатын төрт баспалдақ арқылы кірелі. Кешеннің еденіне тас аралас тапырық жайып, оның үстіне жалпақ тақта тастар төселген. Қабырғалары 3 метрге көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған. Бұлардың барлығы тас қалаудың қола дәуірінен бергі ежелгі дәстүрінен алынған. Осы дәстүрді кешеннің төбесін жабу кезінде де қолданған. Кешен ұзақ уақыт жақсы сақталып, бертін келе біршама қираған. Ескерткіштің дәл мерзімін анықтайтын дерек әзірге жоқ. Қазақстан жеріне тән сыртқы тұрқына қарап, ғалымдар оны ислам діні дендеп ене қоймаған кезеңге жатқызады. Аңыз бойынша бұл кесене ұлы сазгер және жауынгер Домбауыл құрметіне салынған екен, ал ол кісінің өзінің болғаны тарих пен мифпен (ертегі-аңызбен) ұштасады.



Сурет 5.

Моңғол дәуіріне жатқызылатын **Жошы хан кесенесі** XII-XIII ғасырларда тұрғызылған. Бұл сол дәуірді сипаттайтын ең құнды әрі танымал ескерткіштердің бірі.

Кесене Қарағанды облысы Ұлытау ауданында орналасқан. Тұрған жері Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырымда. Қаракеңгір өзенінің сағасында, оң жағалауынан 2 шақырым жерде. Қарағанды облысы Малшыбай аулының маңайында. Кесене 1227-ші жылы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының бейітінде тұрғызылған деген деректер бар. Сонымен қатар, бірқатар мәліметтер бойынша, оны XIV немесе XV ғасырда Жошы хан ұрпақтарының бірі салғызған деген әңгімелер айтылады.



Сурет 6.

Кесене жобасы тік бұрышты. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты порталы. Оның маңдай алдын сүйір арка түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Кесененің күмбезі де ерекше салынған. Ол екі қабатты. Биіктігі 7 метрді құрайтын ішкі күмбездің салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сегіз метрлік сыртқы күмбезді он жеті қырлы барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түндік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Күмбездің сырты көк бояумен боялған. Ғасырлар өтсе де сол бояу жоғалған жоқ. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден түседі. Күмбездің бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларына тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Бұл мазарды ұсталар XI-XII ғасырларда **Алаша ханға** арнап тұрғызыпты-мыс. Оның есімі қазақ халқының үш жүзінің пайда болуымен тікелей байланысты. Қазақстандағы ең атақты мазарларының бірі Қаракеңгір өзенінің сағасында, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында, Малшыбай ауылының жақын маңында орналасқан.



Сурет 7.

Қазақ халқының этногенезін зерттесек, IX ғасырдың бірінші жартысы мен X ғасыр көлемінде бүгінгі Қазақстан аумағын мекендеген көшпелі халық өздерін Алаш деп атаған. Алаша хан, аңыз бойынша, Ұлы далада көшіп жүрген алты негізгі рулардың басын қосып, Сарыарқада мемлекеттіліктің негізін қалаушы болған. Қазақтың ауыз әдебиетінде оны дана билеуші, қайсар батыр, әділ би, көреген саясаткер ретінде сипаттайды. Ұлттық санада Алаша хан бейнесі ерекше рольге ие. Көшпенділер оны ортақ бабамыз деп есептейді.

Жұбан ана кесенесі – Қарағанды облысының Жаңарқа ауданында, Сарысу өзенінің оң жағалауында орналасқан ескерткіш. Қарағанды-Жезқазған тас жолында жатыр. XI ғасырда тұрғызылған. Кесенені салған шебер күрделі құрылысты белгілі бір инженерлік біліммен есептеп тұрғызған көрінеді. Қаланған кірпіштерінің барлығы біркелкі. Пішіні мен көлемі бірдей. Порталды күмбез аса ептілікпен өрілген. Бұдан сол дәуірдегі құрылыс материалдарын өндіру ісінің жоғары болғанын байқауға болады. Ескерткіш 1940 жылға дейін тоғыз ғасыр бойы қирамай сол күйі тұрған.

Арқаның үскірік аязы мен аптап ыстығына қарамастан, жаңбыр мен желге де төзген мазардың сыртқы көрінісі әлі күнге дейін жақсы сақталып келген. Сол жылдары күмбезі ортасына түсіп, кірпіштерін жергілікті тұрғындар шаруашылыққа пайдалану үшін алып кеткен екен.



Сурет 8.

Айша Бибі кесенесі – елдегі жалғыз сәулет өнерінің ескерткіші болып табылатын бірегей ғимарат, ол толықтай терракоталық плиталармен қапталған. Ал «Бабаджа қатын» қабірін оның шатыр пішіндес көрнекті қырлы күмбезі сипаттайды, бұл оны жалғыз ортағасырлық үлгілерінің қатарына жатқызады. Қазір күндері, кесенелер сенушілерге арналған қажылыққа бару орталықтарына және туристердің сүйікті орындарына айналған. Себебі өздеріне естелік ретінде Айша Бибі кесенесімен фото-естеліктер қалдырады. Ескерткіштердің салтанаттығы олардың рухани қарапайымдылығымен тығыз байланыста, сондықтан бұл жерде әрдайым тыныштық пен бейбітшілік атмосферасы сезіледі.



Сурет 9

Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын әлем жұрты материалды емес (рухани) мәдени мұраларға жатқызады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Орталық Қазақстанның 10 киелі жері (assembly.kz)
2. Ақмешіт әулие үңгірі — Уикипедия (wikipedia.org)
3. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері (qazir.kz)
4. Қазақстандағы әйел-ана кесенелері: Жұбан ана (massaget.kz)
5. Қазақстандағы Айша-Бибі және Бабаджи-Хатун кесенелері (kazakhstan.travel)
6. Ұлы даланың жеті қыры • Martebe.kz білім сайты.